**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: «Ақбөбек» МДҰ
**Топ:** «Айгелек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **03,04-07,04.2023ж**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. | Амандасу дағдыларын жетілдіру. | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. | Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. | Ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту).** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Баланың танымдық, зияткерлік дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру. | Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру. | Кеңес: Тазалық дағдыларын қалыптастыру | Ата –анаға кеңес: Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыланыз |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойыншары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Жаңбырдың жауған дыбыстарын шығару» қимылмен тарсылдатып көрсету. | Бөліктерден кілемше жасауға үйрету геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. **(математика негіздері)** | Д/о: «Жұбын тап» Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп,дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. | Д/о: «Бұны қай кезде киеді» Суреттегі кимдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу. Киімдерді топтастыра білу. | Д/о: «Атын атап бер» Шарты: Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы суреттерді құрастырып атап береді. (құрастыру) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені №15 | Таңғы жаттығу кешені №15 | Таңғы жаттығу кешені №15 | Таңғы жаттығу кешені №15 | Таңғы жаттығу кешені №15 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. | Асын, асын, асына,<br>Бақыт қонсын басына,<br>Дастарханың мол болсын,<br>Көңіл күйің жай болсын. | мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті | Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», | Астарың дәмді болсын!<br>Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Д/о: «Допты қуып жет»<br>**Ойын шарты**: Балаларды тез жүгіруге үйрету,шапшаңдыққа,ептілікке тәрбиелеу.<br>**(Денешынықтыру)** | Д/о: **«Қоянға көмектес.»**<br>**Ойын шарты**: Қонаққа келген қоянның көкөністерін санап көмектеседі.<br>**(математика негіздері)** | **Д/о: «Қоңырау қайдан естіледі?»**<br>**Ойын шарты**: Балалар тығылып тұрған қоңыраудың дыбысын естіп, қайдан соғып тұрғанын тауып әкеледі. Бірінші тапқан бала жеңімпаз атанады.<br>**(Денешынықтыру)** | **Д/о: «Пішінді құрастыр»**<br>**Ойын шарты**: Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады және түсі мен пішінін ажыратады.<br>**(математика негіздері)** | **Д/о: «Менің отбасым»**<br>**Шарты:** Отбасы мүшелерін атайды, олардың үйдегі қызметтерін атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша. | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | **Қазақ тілі**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. | | |
| | Балалардан қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күндіз ба, әлде түн ба?<br>Аспанда біз не көреміз? Құстар туралы не білесіңдер? Құстар күндіз ұша ма? Әлде түнде ұшады ма?сұрау<br>Балаларды ғылым орталығына шақырып, аспан әлемінің макетін көрсету. Алдымен танитындарын атату. Құстар туралы айтып беру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Құстардың қайсысы сендерге ұнады? Самолеттарды құстарға қарап жасағаның айту.<br>Құстардың суретін салып, қағаздан жасап көреміз бе?сұрау.<br>Сөйтіп орталықтарға бөлінейік деп ұсыну.<br>Бірінші орталықта балалар құстың суретін саладырту, екінші орталықта қағаздан бүктеп самолет жасату оны ұшыруын ұйымдастыру.<br>**(құрастыру, сурет салу)** | Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу.<br>Бірінші орталықта баклашкадан немесе картон қазағдардан құс құрастырткызу.<br>**(құрастыру)**<br>Екінші орталықта геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдарынан құстың ұясын ұжымдасып құраткызу. Жеке балаларға да қағаз бетінде геометриялық фигуралардан ұяшық құрастырғызу және жасағандарын әңгімелету. | Ғажайып қорапшадан көздерін жұмып заттар алуды ұсыну.<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру<br>**(математика негіздері)**<br><br>Аспанды, бұлтты және ағаштары бар суретті көрсетіп не жетпейтінін сұрау. Балалар қалауы бойынша дайын құстарды желімдеп жапсырады немесе қарандаштармен құстарды салады.<br>**(жапсыру және сурет салу)** | Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару. Ондағы заттарды atату.<br>Құс қанат оюын көрсетіп таныстыру.<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-к, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Құс қанат оюын бояту. Бояуды пайдаланғанда ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(сурет салу)** | Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу.<br>Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруін ұйымдастыру<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Балаларды екі орталыққа бөлу.<br>Бір орталықта өздері таңдаған заттың суретін салғызу<br>**(сурет салу)**<br>Екінші орталықта геометриялық пішіндерді танып, атап тапқан затпен сәйкестендіргізу.<br>«Кім тапқыр» ойынын ойнату.<br>Ойын бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(математика негіздері және сөйлеуді дамыту)**<br>Құстар әніне музыка қосып сергіту сәтін жасату.<br>**(музыка)** | | | топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуен** | Серуен картотекасы №16 | Серуен картотекасы №17 | Серуен картотекасы №18 | Серуен картотекасы №19 | Серуен картотекасы №20 |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала.Ал егерде ол жуынбаса –ештеңе деп аталмайды ол бала. | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау. |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тамаққа аудару. | Ас мәзірімен таныстыру.Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару. |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. «Түлкі мен | Балалалардың тыныш ұйықтауына | Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. «Шалқан» | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы | «Әлди –әлди ұйықтай ғой» әуен аудио тыңдату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тырна» әуен аудио-ертегісін тыңдату. | жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. «Қу түлкі мен қасқыр» әуен аудио-ертегісін тыңдату. | ертегісін оқып беру | сөреге) қоюды үйрету. Баяу музыка тыңдайды | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Гимнастикалық жолдан жүру.**<br>Әдемі жүреміз<br>Шынықсын өкшеміз<br>Түзіліп тұрайық<br>Шаттанып ойнайық<br>«Губка жолмен жүріп өту» | Бойымызды жазайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Жаттығулар жасайық.<br>Ұйқымызды ашайық.<br>Қайырлы күн, көздерім! | Суым, суым, суым-ай<br>Бетімді менің жудың-ай<br>Алмадай бетім қызарды<br>Таза болдым шіркін-ай. | **Тыныс алу жаттығулары.**<br>Гүл араға бал берер,<br>Гүл далаға сән берер<br>Жұлып алып искесең<br>Хош иісті гүл берер «Гүл иіскеу» | **Гимнастикалық жолдан жүру**<br>Әдемі жүреміз<br>Шынықсын өкшеміз<br>Түзіліп тұрайық<br>Шаттанып ойнайық |
| **Бесін ас** | Ойын- жаттығу:<br>Нан қоқымын шашпаңдар<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар. | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. | Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тамаққа аудару. | Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Балаларды кітап орталығына жинап, құстардың суреттерін қарату. Олардың не білгендері туралы сұрау. артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Ермексаздан құстарға жем жасату.<br>**(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)**<br><br>Балаларға ғажайып қоржынмен ойынды ұсыну. Балалар ғажайып қоржынан әр түрлі пішіндерді қолымен сипап сезу арқылы зерттеуін ұйымдастыру<br>**(математика негіздері)** | Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу.<br>Қағаздан және ермексаздан аққу жасауды ұсыну.<br>«Аққуды атпа, досыңды сатпа.»<br>Мақалды жаттату.<br>**(мүсіндеу және жапсыру)** | «Ұсқынсыз үйрек» мультфилімін көру. Өз ойларын айтқызуды үйрету.<br>«Құстар ұшады» ойынын ойнау.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта ермексаздан үйрек жасату.<br>**мүсіндеу)** | «Құстар біздің досымыз» тақырыбында суреттер қарату. Оларға қалай қамқорлық таныту керектігін суреттер арқылы көрсету. Топтағы құстарға жем және су беру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Балаларды орталықтарға | Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру.<br>Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру.<br>**(мүсіндеу)**<br>**(жапсыру)**<br>**(құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Екінші орталықта «оригами» үлгісі бойынша үйрек пішінін құрастыруға ынталандыру. **(құрастыру)** | бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. **(мүсіндеу)** «Құстар шеруі» тақырыбында ұжымдық жұмыс. Желімдеудің техникасын үйрету: Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету. **(жапсыру)** | Ұматып айтатын әндерін билерін пысықтау. **(музыка)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Дыбысына қарап таны" Рабинамен** | Айсұлумен Тақпақ. «Жел» Мақсаты:. Жел улейді у-у-у, Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду | "Төлдерін ата" Аяламен | Ержігітпен қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйренеді. | Нұралимен «Атын атап бер» ойыны арқылы түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамытады |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу. | Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , | серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | Серуенге ойын материалдарын таңдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. | | |
| Серуен | Қимылды ойын «Трамвай»<br><br>Балаларға дайын құстар бейнесін ұсынып,оларды үйлестіріп лэпбукта жапсыруды жасату.<br>**(жапсыру)** | **Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан»<br><br>Бормен дербес шығармашылық жұмысын ұйымдастыру.<br>**(Сурет салу)** | Қимылды ойын «Трамвай»<br><br>Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау.<br>**(музыка)** | Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Еркін ойындар | **Қимылды ойын** «Хан талапай» |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу |